Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру				

дайындық	Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Тақырыбы:** З–С дыбыстарын дұрыс айту **Кіріспе** Балалардың дыбыстық мәдениетін жетілдіру, з–с дыбыстарын ажырату **Міндеті** З–С дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Белгілі бір затқа әрекет таңдата білу Сын есімдерді сөйлемде қолдануға баулу **Әдіс** Дыбыстық жаттығу Әңгімелесу Ойын **Тапсырма** Дыбыстық жаттығу: *сөз – сес, аз – ас* Затқа әрекет таңдау: *доп – ойнау, кітап – оқу*	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Өлең мазмұнын түсіну **Кіріспе** Өленді тыңдау, мазмұнын қысқаша әңгімелеуге дағдыландыру **Міндеті** Өлең мазмұнын түсіну Образды сөздерді табу Өленді эмоциямен айту **Әдіс** Өлең оқу, қайталау, талдау **Тапсырма** Өлең оқу (*Табиғат туралы*) Көркем сөздерді табу (*жасыл дала, мөлдір бұлақ*) Өленді бірге қайталап оқу	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 10 саны және цифры **Кіріспе** 10 санының пайда болуын түсіндіру **Міндеті** 10-ға дейін санауға үйрету 10 цифрымен таныстыру Заттарды топтап санауға жаттықтыру **Әдіс** Көрнекілік, ойын, жаттығу **Тапсырма** 10 ойыншық санау 10 цифрын көрсету «Жұптастыр» ойыны **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дыбысты қ талдау **Кіріспе** Сөзді дыбыстарға бөліп үйрету **Міндеті** Сөздегі дыбыстардың	**Қазақ тілі** «Құстарды қорғау» **Тілдік орта** Балалар табиғатты қорғау туралы әңгімелейді: «Қорықшы құстарды қорғайды». **Дыбыстық мәдениет** «ө» дыбысының орнын табу («қорықшы», «өрік», «дөң»). **Сөздік қор** «Қорықшы, құс, торғай, тырна». **Грамматикалық құрылым** Жіктеу: «Мен құс көрдім», «Сен тырна көрдің». Лепті сөйлем: «Қара, торғай ұшты!». **Байланыстырып сөйлеу** «Қорықшы орманда жүр. Ол құстарды қорғайды». **Көркем әдебиет** жанрларды ажырату **Кіріспе** Барлық жанрларды қайталау, балалардың	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 0 саны және цифры **Кіріспе** 0 санының мағынасын түсіндіру **Міндеті** 0-ді «ештеңе жоқ» ұғымымен байланыстыру 0 цифрымен таныстыру Сандар қатарын бекіту **Әдіс** Түсіндіру, ойын, көрнекілік **Тапсырма** Бір-бірден алып тастау ойыны 0 цифрын көрсету «Жоғалды» ойыны **Қазақ тілі** «Күзгі егін жинау» **Тілдік орта** Балалар күзгі еңбекті талқылайды: «Ата бидай орады», «Әкем егін жинады».

	"Кім? Не істеді?" сөйлем құрастыру Топтық әңгіме құрастыру **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Жазу жолы мен жоларалық кеңістік **Кіріспе** Жазу парағымен таныстыру **Міндеті** Жазу жолын ажырату Жоларалық кеңістікті сақтау Әдемі жазуға баулу **Әдіс** Түсіндіру, көрсету, ойын **Тапсырма** Дәптердегі жолдарды көрсету Сызықтарды жүргізу Ойын: "Қайсысы әдемірек?" **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз мағынасын түсіну **Кіріспе** Әрбір сөздің мағынасына назар аударту **Міндеті** Сөздердің мәнін түсіну Сөздерді сөйлемде қолдану Мағынасына қарай топтау **Әдіс** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын **Тапсырма** Сөздерді атау, мағынасын түсіндіру Сөздерді топтау (*ыдыс-аяқ, ойыншық*) Сөйлем құрау **Дене тәрбиесі** **Кіріспе**	ретін табу Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату Фонематикалық естуін дамыту **Әдіс** Қайталау, жаттығу, ойын **Тапсырма** "Қала" сөзін талдау Дауысты дыбысты айту "Кім бірінші табады?" ойыны **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа ашу. **Негізгі қимылдар:** Бір аяқпен секіріп жүру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Әннің ырғағына қолмен, аяқпен би қимылы. **Қимылды ойын:** «Қол ұстасып шеңберге тұру».	білімін бекіту **Міндеті** Ертегі, әңгіме, өлеңді ажырата білу Көркем сөздерді қолдану Кейіпкерлерге баға беру **Әдіс** Қайталау, салыстыру, ойын **Тапсырма** Ертегі, әңгіме, өлеңнен үзінді оқу Жанрын анықтау "Саған қайсысы көбірек ұнады?" ойыны **Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Қанша?» және «Нешінші?» сұрақтары **Кіріспе** Сұрақтардың айырмашылығын түсіндіру **Міндеті** «Қанша?» сұрағына заттың санын айту «Нешінші?» сұрағына ретін айту Сұрақтарға дұрыс жауап беру	**Дыбыстық мәдениет** «ғ» дыбысының орнын табу («бауырсақ», «балаға», «тоғыр»). **Сөздік қор** «Егін, ору, суару, дән, тұқым». **Грамматикалық құрылым** Тәуелдеу: «менің дәнім», «сенің тұқымың». Хабарлы сөйлем: «Ата егін орды». **Байланыстырып сөйлеу** «Күзде егін орады. Дәнді қапқа салды. Ұн тартты **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Көлік және байланыс құралдары** **Тақырыбы:** «Байланыс құралдары» **Кіріспе:** Телефон, смартфон, компьютерді сурет арқылы көрсету **Міндеті:** Балаларды байланыс құралдарының қызметімен және қауіпсіз қолдану

	Кіріспе бөлім: Қолды жоғары көтеріп, алақанды бір-біріне тигізу. **Негізгі қимылдар:** Қосалқы қадаммен жүру, оңға-солға бұрылу. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкаға еркін қимылдар жасау. **Қимылды ойын:** «Қарлығаш». **Салауатты өмір салты:** Күн тәртібін сақтау, ұйқының маңызы. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Киімдерді жинақы ұстау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**	**бөлім:** Қолды белге қойып, тізені бүгіп жазу. **Негізгі қимылдар:** Екі қолды алға созып, отырып-тұру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық әуенге қимылдарды қайталау. **Қимылды ойын:** «Қаздар мен қасқырлар». **Салауатты өмір салты:** Дұрыс тамақтанудағы су ішудің орны. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Жеке орамалды пайдалану. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу** Құрастыру Қазақтың тұрмыстық заттары	**Салауатты өмір салты:** Дұрыс дем алу, таза ауаның пайдасы. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Дәретханаға барғаннан кейін қолды жуу. **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Н–Ң дыбыстарын дұрыс айту **Кіріспе** Н–Ң дыбыстарын дұрыс айтуға, сөйлем құрастыруға үйрету **Міндеті** Н–Ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Заттарға белгі таңдату Сөйлемде сөздерді дұрыс орналастыруға дағдыландыру **Әдіс** Қайталау Сұрақ-жауап Ойын **Тапсырма** Дыбыстық жаттығу: *нан – аң, қон – қоң* Заттарға белгі беру: *доп – дөңгелек,*	**Әдіс** Әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап **Тапсырма** Заттарды санау: «Қанша?» Ойыншықтарды ретімен кою: «Нешінші?» Қысқа диалог жүргізу **Музыка** **Музыка бізге сыр айтады»** **Ұйымдастыру кезеңі** – Қуанышты әнмен қарсы алу. **Музыка тыңдау** – Табиғат тақырыбындағы әуенді тыңдату, көңіл-күйін әңгімелеу. **Ән айту** – Педагогпен бірге әнді мәнерлі орындау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** – Әуенге сәйкес денені тербету, кол сермеу. **Билер** – Жеңіл би элементтерін орындау. **Би шығармашылығы** – «Құстар ұшады» ойыны – әр бала өз қимылын ойлап табады.	ережелерімен таныстыру **Әдіс:** Әңгімелесу, рөлдік ойын **Тапсырма:** «Телефон соғу» – ойын түрінде бір-біріне қоңырау шалу көрінісін ойнау **Музыка** **Әуеннің бояулары»** **Ұйымдастыру кезеңі** – Балалармен әндетіп амандасу. **Музыка тыңдау** – Әртүрлі көңіл-күйдегі екі әуенді тыңдату, салыстыру. **Ән айту** – Әнді созып, дауыс күшін бірдей сақтап айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** – Жылдам әуенге – жүгіру, баяу әуенге – жүру. **Билер** – Музыка кіріспесін күту, содан кейін билеу. **Би шығармашылығы** – Балалар екі-үш қимылды өздері

	Тақырыбы: «Шағын аудандағы заттардың қолданылуы» **Кіріспе:** Серуен кезінде қоқыс жәшігі, орындық, жол белгілерін көрсету **Міндеті**: Балаларды бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуге баулу **Әдіс:** Бақылау, талдау, әңгіме **Тапсырма:** «Не үшін керек?» – әр заттың қызметін түсіндіру	**Құрастыру** – қағаз және конструктордан «Киіз үй» үлгісін жасау. **Сурет салу** – киіз үйдің ішкі көрінісін бейнелеу (төсек, текемет, ыдыстар). **Мүсіндеу** – балшықтан тұрмыстық бұйымдар жасау (құмыра, тостаған). **Жапсыру** – қазақ ою-өрнектері бар панноны түрлі-түсті қағаздардан қиып жапсыру.	*алма – тәтті* Қысқа диалог құрастыру Сурет бойынша әңгіме жалғастыру	**Аспаппен ойнау** – Қасықпен қысқа әуенді жеке орындау. **Қоштасу кезеңі** – Тыныш әуенмен қоштасу	құрастырады. **Аспаппен ойнау** – Таныс әнді топ болып қасықпен ойнау. **Қоштасу кезеңі** – «Қош бол» әні
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннеоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				

Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Әшекей заттарға қарап отырып бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)** бір тұтас тәрбие	пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату **(Танымдық іс-әрекет)** Ойыншықтар арасынан жануарлар мен олардың төлдерін тауып атау.Тіршіліктерін сипаттау. **(зерттеу іс-әрекеті)**	«Ұр тоқпақ» ертегісін оқып беру.Эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Кейіпкерлерді сомдау арқылы ойындар **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** «Бестемше» ойынын ойнату. бір тұтас тәрбие	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан нан өнімдерін жасау **(Танымдық, іс-әрекеті)** экологиялық мәдениет Қалаған нан өнімдерінің суретін салу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Ою өрнектермен нан салынған астауды сәндеу **(Шығармашылық іс-әрекеті)** бір тұтас тәрбие	Зергерлік бұйымдардан ұжымдық шығармашылық жұмыс. **(Шығармашылық іс-әрекеті)** Құрастыру материалдарынан әр түрлі заттар құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)**
Балаларменжекежұмыс	Адамгершілікжәнепатриоттықтәрбие. Өзініңпедагогтерін, үлкендердісыйлауға ,кішігекамқорболуға баулу.	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауды. Жол белгілері тротуар, велосипед, электросамокатқа арналғанжолды білу,бағдаршамның белгілерінесәйкесжолданөту қағидаларын меңгерту.	Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстырубарысындазаттарменқұбылыстардыңөзінетән,сипаттамалықбелгілерінбақылауды,талдауды,салыстыруды,ажыратуды үйрету.	Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атаудыжәнеолардыңөздеріне тән белгілерібойыншаажыратуын дамыту	адамның табиғаттың бір бөлігіекенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарларменөсімдіктерөміріндегімаңызытуралы,табиғатпенқарым-қатынасбарысындаденсаулықтынығайтуды,табиғаттысақтаудажауапкершіліктісезінебілуді үйрету.
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға				

	үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Кім тез жүреді? **Мақсаты:** Төзімділікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Жолды сыпыру. **Қимылды ойын:** Балалар белгіленген жерге дейін жүгіреді, қайта оралады.	Жалаушаны жеткіз **Мақсаты:** Шапшаңдық, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.**Еңбек әрекеті:** Жалаушаларды жинау. **Қимылды ойын:** Бір бала жалаушаны келесі балаға береді, тізбек бойыншасоңғысы мәреге жеткізеді.	Қарлығаштар мен қыран **Мақсаты:** Сақтық пен ептілікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Құстарға жем шашу. **Қимылды ойын:** Балалар қарлығаш болып ойнайды, қыран шыққанда паналайды.	Шеңберден шықпа **Мақсаты:** Зейінді, ережені орындауды дамыту. **Еңбек әрекеті:** Шеңбер сызықтарын сызу. **Қимылды ойын:** Балалар шеңбер ішінде жүреді, белгі берілгенде тоқтап қалады. Шеңберден шыққан бала ойыннан шығады.	Жылдам қояндар **Мақсаты:** Жылдам секіруге тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Шөп жинау. **Қимылды ойын:** Қояндар белгіленген орынға секіріп барады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардыңүйгекайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тексерді:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 4 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 20.10.2025 ж	Сейсенбі 21.10.2025 ж	Сәрсенбі 22.10.2025ж	Бейсенбі 23.10.2025ж	Жұма 24.10.2025ж
Балалардықабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Қағазды бүктеу арқылы құс жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасаған құстарын сәндеу, әр түрлі	Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын	Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Аққу торғай, қарлығаш үлкен кіші екенін ажырату, салыстыру. **(зерттеу, танымдық іс-әрекет)** Барлық ертегі	Құстардың тіршілігі туралы фильм тамашалау. Балабақшадағы құстармен ауладағы құстардың тіршілігіне

	бояулармен **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Құстың мүсінін ермексаздан жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	дидкатикалық ойын карточкаларын ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)**	Құстардың корегі, суретін салу. Ермексаздан дәндер жасау, қағаздардан түйіршік жасау. **(Шығармашылық іс-әрекеті)**	кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру құрылыс материалдарынан құрастыру. **(Танымдық, іс-әрекеті)** «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сахналау. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	бақылау жасау. Өзіндік тұжырымдамалар айта білуін жетілдіру. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Р–Л дыбыстарын дұрыс айту **Кіріспе** Р–Л дыбыстарын ажырату, сөйлеуде дұрыс қолдану **Міндеті** Р–Л дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Синонимдерді сөйлемде қолдануға дағдыландыру Сөз тіркесін толық қолдануға үйрету **Әдіс** Қайталау Ойын Сұрақ-жауап **Тапсырма** Дыбыстық жаттығу: *ара – ала, ар – ал* Синонимдер: *жақсы – тамаша* Зат есім + сын есім + сан есім: *екі үлкен алма* "Менің арманым" тақырыбында сөйлеу	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Әңгіме кейіпкерлерін бағалау **Кіріспе** Әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін салыстыру **Міндеті** Кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіну Жақсы-жаман қылықтарды ажырату Өз пікірін айтуға үйрету **Әдіс** Оқу, талдау, пікір алмасу **Тапсырма** Әңгіме оқу (*Жомарт пен сораң*) Жақсы кейіпкерді сипаттау "Егер сен оның орнында болсаң…" сұрағына жауап беру	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Сандарды салыстыру **Кіріспе** Сандарды салыстыруға үйрету **Міндеті** Саны көп және аз ұғымын ажырату Кем затқа біреуін қосу Көп заттан біреуін алу **Әдіс** Көрнекілік, ойын, жаттығу **Тапсырма** Заттарды салыстыру (*3 алма – 5 алма*) «Кімнің көбірек?» ойыны Зат қосып немесе алып тастап теңдікті өзгерту **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Жазуға дайындық жаттығулары **Кіріспе** Жазуға қолды шынықтыру **Міндеті** Қарындашты дұрыс ұстау	**Қазақ тілі** «Аңдар әлемі» **Тілдік орта** Балалар аңдардың тіршілігі туралы айтады: «Аю қысқы ұйқыға жатады». **Дыбыстық мәдениет** «і» дыбысының орнын табу («қыс», «түлкі», «кітап»). **Сөздік қор** «Аю, түлкі, қоян, қасқыр». **Грамматикалық құрылым** Септеу: «қоянға», «қасқырдан». Сұраулы сөйлем: «Бұл кандай аң?». **Байланыстырып сөйлеу** «Қоян орманда жүгірді. Түлкі оны көрді». **Математика негіздері** Сандарды салыстыру Кіріспе Балаларды сандарды салыстыруға үйрету, заттардың санын ажырата білуге дағдыландыру. Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортадағы заттарды топтастырып, олардың санын анықтай	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Теңдік және теңсіздік **Кіріспе** Теңдік пен теңсіздіктің мәнін түсіндіру **Міндеті** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру Теңсіздікті зат қосу/алу арқылы көрсету Сандарды дұрыс жазу **Әдіс** Әңгімелесу, ойын, көрнекілік **Тапсырма** Суреттен тең және тең емес топтарды табу Ойын: «Артық затты алып таста» Теңдік белгісін қою (=, >, <) **Қазақ тілі** **«Ас даярлау»** **Тілдік орта** Балалар дастархан туралы ой айтады: «Әжем қазанға ас салды». **Дыбыстық мәдениет** «қ»

	Сауат ашу негіздері **Тақырыбы:** Буынд арды қайталау **Кіріспе** Буындарды бекіту **Міндеті** Сөздерді буынға бөлу Буындарды санау Сөз құрастыру **Әдіс** Түсіндіру, жаттығу, ойын **Тапсырма** Сөздерді буынға бөлу (*оқушы – о-қу-шы*) Буындарды санау Буыннан сөз құрастыру **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды жоғары, төмен сермеу. **Негізгі қимылдар:** Арқан бойымен бір	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Буыннан сөз жасау **Кіріспе** Буындарды жалғап сөз құрастыруға үйрету **Міндеті** Буындар арқылы сөз жасау Сөздік қорды байыту Сөйлем құрастыру **Әдіс** Жаттығу, ойын, әңгімелесу **Тапсырма** "Ау-ыл, қа-ла" буындарынан сөз құрастыру Жаңа сөздерді сөйлем ішінде қолдану "Буыннан сөз тап" ойыны	Әріп элементтерін жазуға жаттықтыру Жолда бағдарлай білу **Әдіс** Көрсету, жаттығу, ойын **Тапсырма** Тік, көлбеу сызықтар салу Дөңгелек, ирек сызықтар жасау "Жоғары – төмен" жаттығуы **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды белге қойып, қолды жоғары және төмен қозғау. **Негізгі қимылдар:** Сатыдан бір қадам сайын аттап өту. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкаға шапалақтау, ырғақпен жүру. **Қимылды ойын:** «Қарагие». **Салауатты өмір**	білуге үйрету. Міндеті Саны көп және аз ұғымдарын дұрыс түсіндіру Кем затқа біреуін қосып, нәтижесін табуға үйрету Көп заттан біреуін алып тастау арқылы сандық өзгерісті бақылау Балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру кабілеттерін дамыту Әдіс Көрнекілік, сұрақ-жауап, ойын элементтері, практикалық жаттығулар Тапсырма Үстелге 3 алма және 5 алмұрт қойылады. Балалардан: «Қайсысы көп? Қайсысы аз?» деп сұрау. «Кім жылдам санайды?» ойыны – балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, жылдам санату. «Артық не жетпей тұр?» ойыны – балаларға заттар топтамасын көрсетіп, бір затты алып тастау немесе қосу арқылы өзгерісті байқауын сұрау.	дыбысының орнын табу («қазан», «қасық», «қоржын»). **Сөздік қор** «Қазан, астау, сыбаға, нан». **Грамматикалық құрылым** Жіктеу: «Мен қазанға су құямын». Лепті сөйлем: «Ас дайын болды!». **Байланыстырып сөйлеу** «Әже қазанға ас салды. Балалар нан жеді. Сыбаға бөлінді». **Қоршаған элеммен таныстыру** **Көлік және байланыс құралдары** **Тақырыбы:** «Қоғамдық көліктер» **Кіріспе:** Автобус, трамвай, пойыз суреттерін көрсету **Міндеті:** Қоғамдық көліктің түрлерін, жолаушы ережелерін үйрету **Әдіс:** Әңгіме, суреттермен жұмыс, ойын

	қырымен жүру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Әнге қосылып, қол-аяқпен шеңбер құру. **Қимылды ойын:** «Көңілді шеңбер». **Салауатты өмір салты:** Үнемділікке баулу, артық тәтті жеуден сақтандыру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Шыныаяқ пен қасықты дұрыс ұстау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау** **Тақырыбы:** «Үй ішіндегі заттар және олардың қасиеттері» **Кіріспе:** Асханадағ	**Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды кеудеге қойып, еңкею, аркаға арналған жаттығулар. **Негізгі қимылдар:** Допты қолмен жоғары лақтыру және қағып алу. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Әуенге сәйкес қадамды жылдамдату. **Қимылды ойын:** «Көршіні тап». **Салауатты өмір салты:** Дұрыс жүріс-тұрыс мәнері. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тырнақты таза ұстау. **Мүсіндеу** **Жапсыру** **Сурет салу**	**салты:** Спортпен тұрақты шұғылданудың маңызы. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Үстел басында тәртіп сақтау. **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Үйренген дыбыстарды қайталау **Кіріспе** Барлық дыбыстарды бекіту. сөйлеуді жетілдіру **Міндеті** Барлық дыбыстарды қайталау Антонимдерді сөйлемде колдануға үйрету Диалог жүргізуге баулу **Әдіс** Қайталау Ойын Әңгімелеу **Тапсырма** Дыбыстық жаттығулар Антонимдер: *ұзын – қысқа, биік – аласа* бастаған әңгімені жалғастыру	«Теңдікті табайық!» – екі топтағы заттарды салыстырып, теңдігін анықтау. **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Мейірімділік пен достық Кіріспе Балаларды әңгіме арқылы достық пен мейірімділікке баулу. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау арқылы жақсы қасиеттерді үйрету. Міндеті Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бақылап, ой түю Жақсы және жаман мінез-құлықты ажырата білу Өз көзқарасын еркін айтуға дағдылану Әдіс Әңгімелеу, сұрақ-жауап, пікірталас, рөлдік ойын Тапсырма «Доска көмектесу» атты әңгімесін оқу Әңгімедегі жақсы және жаман іс-әрекеттерді атап шығу Жақсы кейіпкердің іс-әрекеттерін сипаттау «Егер сен оның досы	**Тапсырма:** «Жолаушы ережесі» – көлікке мінгенде өзін қалай ұстау керектігін рөлдік ойында көрсету **Музыка** **«Музыканы тыңдап, ойнайық»** **Ұйымдастыру кезеңі** – Балаларға арналған шағын әуенмен қарсы алу. **Музыка тыңдау** – Бейне үнтаспа арқылы көңілді әуен тыңдау. **Ән айту** – Әнді бірге орындап, дауыс биіктігін сақтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** – Әуеннің ырғағына секіру, жүгіру. **Билер** – Музыкаға сәйкес қарапайым би қозғалыстарын жасау. **Би шығармашылығы** – Балалар топ болып ойдан би құрастырады. **Аспаппен ойнау** –

	ы ыдыстар мен жиһаздарды көрсету **Міндеті:** Балаларды заттардың қасиеттерін (ауыр-жеңіл, қатты-жұмсақ, су өткізетін/өткізбейтін) ажыратуға үйрету **Әдіс:** Салыстыру, тәжірибелік жұмыс **Тапсырма:** «Салыстыр және тап» – екі затты сипаттап, айырмашылығын айту	Құрастыру Көлік түрлері **Құрастыру** – конструктор бөлшектерінен «Машина» немесе «Ұшақ» құрастыру. **Сурет салу** – жолда келе жатқан көліктерді бейнелеу. **Мүсіндеу** – балшықтан көлік бөлшектерін (дөңгелек, кабина, қанат) мүсіндеу. **Жапсыру** – қағаздан қиып «Жол қозғалысы» тақырыбында композиция жасау.	Ертегіні аяқтау	болсаң, оған қалай көмектесер едің?» деген сұраққа жауап беру **Музыка** **«Музыка мен қимылдың достығы»** **Ұйымдастыру кезеңі** – Әнмен амандасу. **Музыка тыңдау** – Балаларға сүйікті әнді тыңдату, мазмұнын әңгімелеу. **Ән айту** – Әнді мәнерлі, қимылмен үйлестіріп айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** – Әуеннің бөліктеріне сәйкес қимылды өзгерту. **Билер** – Қол ұстасып, шеңбер бойымен би билеу. **Би шығармашылығы** – Әннің мәтініне сәйкес сахналық қимыл ойлап табу. **Аспаппен ойнау** – Жеке балаларға қысқа әуенді орындауды тапсыру. **Қоштасу кезеңі** – Тыныш әуен тыңдап қоштасу	Қасықтармен қысқа әуендерді топпен орындау. **Қоштасу кезеңі** – «Сау болайық» әні.
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді,				

	бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Серуен	**Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды. жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын

	тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. Сөйлеуді дамыту	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтайотырып,эмоциямен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, көйіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Көркем әдебиет	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына ызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету Сауат ашу	Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту Математика негіздері	Геометриялық фигуралардың,көгөніс тер,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояуды жетілдіру Сауат ашу
Балалармен жекежұмыс	..... ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру	..... құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу	..... салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету	..... әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету	..... заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға				

	үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. **Таза ауада** қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Кім шапшаң? **Мақсаты:** Жарыс арқылы төзімділікті дамыту. **Еңбек әрекеті:** Ойын алаңын реттеу. **Қимылды ойын:** Балалар жарысып жүгіріп, мәреге кім бірінші жетеді.	Жануарларды құтқар **Мақсаты:** Ептілік, қиялды дамыту. **Еңбек әрекеті:** Ойынш ықтарды жинау. **Қимылды ойын:** Балалар ойыншық жануарларды «құтқарып», белгіленген жерге жеткізеді.	Допты нысанаға тигіз **Мақсаты:** Дәлдікті, көз мөлшерін дамыту. **Еңбек әрекеті:** Нысана орнату. **Қимылды ойын:** Балалар допты белгіленген нысанаға лақтырады.	Жылдам жүгіру эстафетасы **Мақсаты:** Топпен жарысуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Еңбек әрекеті:** Спорт құралдарын орнына қою. **Қимылды ойын:** Балалар топқа бөлініп, эстафета ойнайды.	Аю мен балалар **Мақсаты:** Ептілік, сақ болуды дамыту. **Еңбек әрекеті:** Жапырақ теру. **Қимылды ойын:** Балалар ойнап жүреді, «Аю шықты!» дегенде қаша жөнеледі.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардыңүйгекайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тексерілді:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 5 апта

Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі		**Сейсенбі 28.10.2025 ж**	**Сәрсенбі 29.10.2025ж**	**Бейсенбі 30.10.2025ж**	**Жұма 31.10.2025ж**
Балалардықабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		**Эксперименталдық:** Су мен құмдысалыстыру – қайсысы құйылады, қайсысы шашылады?	**Ойын:** «Артық затты тап» – 3 сурет ішінен артықшасын табу.	**Ойын:** «Сөзді жалғастыр» – алма – қызыл, банан – ...	**Эксперименталдық:** «Қайсысы батады, қайсысы қалқиды?» (суда тәжірибе). **Еңбек әрекеті** Үстелді жинауға көмектесу.

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тындату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Барлық дыбыстарды қайталау **Кіріспе** Дыбыстарды бекіту, сөздік қорды кеңейту **Міндеті** Барлық дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Өлең жанрын ажырату **Кіріспе** Өлеңнің әңгімеден айырмашылығын түсіндіру **Міндеті** Өлеңді жанр ретінде таныту	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Сандардың тұрақтылығы **Кіріспе** Санның заттардың көлеміне, пішініне тәуелді еместігін түсіндіру **Міндеті** Сан ұғымының тұрақтылығын көрсету Заттардың пішін,	**Қазақ тілі** **«Жайлауда»** **Тілдік орта** Балалар жайлауда көргендерін айтады: «Жайлауда гүлдер көп», «Мал жайылады». **Дыбыстық мәдениет** «ү» дыбысының орнын табу («гүл», «түтін», «күн»). **Сөздік қор** «Жайлау,	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** 0–10 дейінгі сандарды тура және кері санау **Кіріспе** Сандарды қайталау және бекіту **Міндеті** 0–10 дейін тура санау 10–0 дейін кері санау Сандардың орнын анықтау

	Көп мағыналы сөздермен жұмыс жүргізу Сөйлем құрастыруға үйрету **Әдіс** Қайталау Әңгімелесу Сұрақ-жауап **Тапсырма** Дыбыстық жаттығулар Көп мағыналы сөздермен әңгіме құрастыру Жұппен сұрақ-жауап ойыны "Бір күні орманда..." ертегісін жалғастыру **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз мағынасын бекіту **Кіріспе** Сөздің мәнін қайталау **Міндеті** Сөздің мағынасын түсіну Сөзді сөйлемде дұрыс қолдану	Өлеңдегі ырғақ пен әуезділікті сезіну Өлең мазмұнын қысқа айту **Әдіс** Өлең оқу, талдау, салыстыру **Тапсырма** Қысқа өлең оқу Өлең мен әңгімені салыстыру Өлеңнен өзіне ұнаған жолды айту **Сауат ашу** **Тақырыбы:** Дыбыстық талдау жаттығулары **Кіріспе** Дыбыстық талдау тәсілдерін бекіту **Міндеті** Сөзді дыбыстарға бөлу Дауысты, дауыссызды табу Сөз құрастыру **Әдіс** Қайталау, жаттығу, ойын **Тапсырма**	көлемі өзгерсе де санын ажырату Санау бағытына тәуелді еместігін дәлелдеу **Әдіс** Тәжірибе, ойын, әңгімелесу **Тапсырма** Әртүрлі пішіндегі заттарды санау Жақын/алыс орналасқан заттарды санау Солдан оңға, оңнан солға санау **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Қорытынды **Кіріспе** Үйренген білімді бекіту **Міндеті** Сөздің мағынасын білу Дыбыстық талдау жасау Буынға бөлу және жазуға дайындықты көрсету **Әдіс** Қайталау, ойын, әңгімелесу **Тапсырма**	кой, жылқы, гүл, тау». **Грамматикалық құрылым** Тәуелдеу: «менің жылқым», «сенің қоран». Хабарлы сөйлем: «Жайлауда күн жылы». **Байланыстырып сөйлеу** «Жайлауда мал жайылды. Гүлдер өсті. Балалар ойнады». **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Әңгіме оқиғасын талдау **Кіріспе** Әңгіменің мазмұнын толық түсінуге, оқиға желісін айтуға үйрету **Міндеті** Оқиғадағы себеп-салдарлық байланысты табу Әңгіменің басталуы, дамуы, аяқталуын ажырату Кейіпкерлерге баға беру **Әдіс** Оқу, талдау, әңгімелесу **Тапсырма** Әңгіме оқу Оқиға тізбегін айту Кейіпкерлер іс-әрекетін бағалау	**Әдіс** Қайталау, жаттығу, ойын **Тапсырма** 0–10 дейін тура санау 10–0 дейін кері санау Сандар қатарында орнын табу **Қазақ тілі** **«Ертегі әлемінде»** **Тілдік орта** Балалар ертегі кейіпкерлері туралы пікір білдіреді: «Алдар көсе ақылды», «Түлкі қу». **Дыбыстық мәдениет** «ө», «қ» дыбыстарының орнын табу («көсе», «қоян», «қулық»). **Сөздік қор** «Алдар көсе, хан, қасқыр, түлкі». **Грамматикалық құрылым** Септеу: «ханға», «түлкіден». Сұраулы сөйлем: «Ертегідегі қасқыр не істеді?». **Байланыстырып сөйлеу** Иллюстрация бойынша ертегіні қайталап айту («Алдар

	Сөздік қорды дамыту **Әдіс** Әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап **Тапсырма** Сөздерге сипаттама беру "Артық сөзді тап" ойыны Сөйлем құрастыру **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшына дейін созылу. **Негізгі қимылдар:** Допты айналдыра домалату. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Әуенге билеу. **Қимылды ойын:** «Асық ойыны». **Салауатты өмір салты:** Дене бітімін түзу ұстау, дұрыс отыру. **Мәдени-**	"Бала" сөзін дыбыстық талдау Дауысты дыбыстарды бояу "Дыбысты ата" ойыны **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды жоғары көтеріп, бір орында секіру. **Негізгі қимылдар:** Жерге қойылған таяқшадан аттап өту. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Қимылдарды музыкамен үйлестіріп орындау. **Қимылды ойын:** «Күу ойыны». **Салауатты өмір салты:** Таза ауамен тыныстау, серуеннің	Сөзді дыбыстық талдау Буынға бөлу Жолға жазу жаттығулары **Дене тәрбиесі** **Кіріспе бөлім:** Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа созу. **Негізгі қимылдар:** Екі қолды белде ұстап, қатарынан отырып-тұру (5 рет). **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Ән әуенімен би қозғалыстары. **Қимылды ойын:** «Қуыр-қуыр қуырмаш» (қол қимылын дамыту). **Салауатты өмір салты:** Денсаулыққа пайдалы әдеттерді бекіту (ұйқы, серуен). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Жеке заттарды күтіп ұстау.	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** Қорытынды сабақ – Сандар әлемі **Кіріспе** 5 аптадағы білімді қайталау, бекіту **Міндеті** 0–10 сандарын жақсы меңгеру Сандарды салыстыру, теңдік-теңсіздікті қолдану «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру **Әдіс** Ойын, сұрақ-жауап, практикалық жаттығу **Тапсырма** 0–10 дейінгі сандарды тура және кері санау Сандарды салыстыру тапсырмалары «Сандар пойызы» ойыны **Музыка** **«Әуенді сезінеміз»** **Ұйымдастыру кезеңі** – Қуанышты әуенмен қарсы алу. **Музыка тыңдау** –	көсе айлакер болды. Түлкі қулық жасады»). **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Көлік және байланыс құралдары** **Тақырыбы:** «Теледидар мен ғаламтор» **Кіріспе:** Балаларға теледидар мен компьютерді суретпен көрсету **Міндеті:** Балаларды экран алдында уақытты дұрыс пайдалануға және қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету **Әдіс:** Әңгіме, сұрақ-жауап, талқылау **Тапсырма:** «Қайсысы пайдалы?» – теледидар мен ғаламтордағы пайдалы және зиянды әрекеттерді ажырату **Музыка** **«Музыкамен қоштасу мерекесі»** **Ұйымдастыру**

